

**«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-ның сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау бойынша  
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

**Шымкент қаласы**

**24.07.2023 ж.**

«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК-да Қазақстан Республикасындағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабының 5-тармағына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауды жүргізу орталықтың басшысы Э.А.Кожаметованың 2023 жылғы 12 маусымдағы №85-н/қ бұйрығына сәйкес, әкімшілік бөлімінің заңгері – У.Б.Аманкулова; жүкті әйелдер патологиясы бөлімшесінің меңгерушісі – М.Т.Ерназарова; шала туған нәрестелерді күтім және сырқат нәрестелер бөлімшесінің меңгерушісі – Г.Б.Сапиева; нәрестелердің интенсивті терапия бөлімшесінің аға медбикесі – Т.Ж. Абуова; еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздігі жөніндегі инженері – Д.Е.Байкошкарова жүргізді.

Мемлекеттік орган ережесіне сәйкес, орталық қызметіне және оған байланысты нормативтік-құқықтық актілерге тиісті мына қызмет талданды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы №377-V ЗРК «Азаматтық процессуалдық кодексі», Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №335-V ЗРК «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі», Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ЗРК «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының Президентінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №229 жарлығымен орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдары 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап, 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін шағын кәсіпкерлік субъектілерін, оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілерін тексерулерді және профилактикалық бақылау мен қадағалауды бару арқылы жүргізу тоқтатылғаны туралы.

Алайда, мораторидің күші тұрғындардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, заңнамалық пен қоғамдық тәртіпке, қауіп төндіруі мүмкін заң бұзушылықтардың алдын алуға немесе оларды жоюға бағытталған тексерулерге қатысты болмайды.

Сондықтан, орталық тарапынан ҚР ӘҚБтК-нің Кодексінің 802 бабына сәйкес, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау, яғни жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе мәлімдемелері негізінде ғана дәлелденген құқық бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

### **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты.**

1) Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау;

2) Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы;

3) Мүдделер қақтығысын реттеу;

4) Бақылау функцияларын іске асыру;

5) Көрсетілетін медициналық қызметтер бойынша.

**Ішкі талдау жүргізу мерзімі:** 2023 жылдың 23 маусым – 07 шілде аралығы.

**Ішкі талдау жүргізілетін кезең:** 2023 жылдың 23 маусым – 07 шілде аралығы.

**1.Орталықтың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормаларды анықтау:**

«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады.

2022 жылдың қорытындысы жеке құрам бойынша – 821 бұйрық, негізгі қызмет бойынша - 168 бұйрық әзірленген. (Кемшіліктер анықталмады).

### **2. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы:**

Орталықта штат саны 400,0 болып бекітілген. Қазіргі таңда 380 қызметкер қызмет атқарады. Нақты айтқанда 39 ер, 341 әйел, 2 бос лауазым бар. 15 бөлім (әкімшілік бөлімі, шаруашылық бөлімі, жалпы ауруханалық штат, босандыру бөлімшесі, ана мен баланың бірге болу бөлімшесі, операциялық бөлімшесі, қабылдау бөлімшесі, анестезиология, реанимация және интенсивті терапия бөлімшесі, нәрестелердің интенсивті терапия бөлімшесі, нәрестелер патологиясы бөлімшесі, шала туған нәрестелерді күтім және сырқат нәрестелер бөлімшесі, жүкті әйелдер патологиясы бөлімшесі, гинекология бөлімшесі, клиникалық - диагностикалық зертхана, консультативті - диагностикалық блогы) жұмыс жасайды.

### **3. Мүдделер қақтығысын реттеу:**

Орталықта мүдделер қақтығысы орын алмаған.

2022 жылдың қорытындысымен орталық тарапынан 3 азаматтың

арыз-шағымдары мен жолданымдары қаралған. Орталыққа бөлінген қаржы 100% игерілген. Мемлекеттік сатып алулар ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңнамасына сәйкес жүргізілуде. Сыбайлас жемқорлықтың көріністері байқалмады.

#### **4. Бақылау функциялардың іске асыру:**

«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» бірнеше нормативтік құқықтық актілермен жұмыс жасайды. Сонымен қатар, негізгі функциялары ҚР Еңбек Кодексінде көрсетілген.

#### **5. Көрсетілетін медициналық қызметтер бойынша:**

Орталықта төмендегідей медициналық көмектер көрсетіледі:

ересектерге және балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық медициналық көмек: трансфузиология; сараптама: уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасы; клиникалық зертханалық диагностика: диагностика, сараптама, кәсіби жарамдылыққа сараптама, уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасы, алғашқы медициналық – санитариялық көмек, білікті көмек, дәрігерге дейінгі, ересектерге мына мамандықтар бойынша консультациялық – диагностикалық медициналық көмек, стоматология, жалпы терапия, акушерлік және гинекология, балаларға мына мамандықтар бойынша консультациялық –диагностикалық медициналық көмек, гинекология, жалпы педиатрия; клиникалық зертханалық диагностика: диагностика, алғашқы медициналық санитариялық көмек, жедел жәрдем көмегі, білікті көмек, дәрігерге дейінгі, ересектерге мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек, анестезиология және реаниматология, медициналық реабилитология: физиотерапия, акушерлік және гинекология, жалпы терапия, балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек, гинекология, анестезиология және реаниматология, педиатрия; ересектерге және балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек: диагностика, рентгенологиялық; балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек: неонатология; ересектерге және балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек: зертханалық диагностика, жалпы клиникалық, иммунологиялық зерттеулер, биохимиялық, ересектерге мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек, консультациялық диагностикалық көмек, зертханалық диагностика, жалпы клиникалық, иммунологиялық зерттеулер, биохимиялық; ересектерге мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек: консультациялық диагностикалық көмек, эндокринология, офтальмология, невропатология, кардиология.

#### **6. Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алулар бойынша:**

- ЖШС "Тотал-ком" пен түзілген №070340009988/230051/00 2023-03-10 «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 486 000.00 теңгені құрайды.

Аталған келісім шарт, Мемлекеттік сатып ату Заңның **1-тармағының 41-бап, 39-бабының 3-тармағында** (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы

шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) осы Заңның **13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.**

#### **Шешу мәселесі:**

Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

-ЖШС "Social-i International Kazakhstan" 070340009988/220178/00 2022-09-16 «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 160 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Мемлекеттік сатып ату Заңның **1-тармағының 41-бап, 39-бабының 3-тармағында** (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) осы Заңның **13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.**

#### **Шешу мәселесі:**

Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

-ЖШС "Social-i International Kazakhstan" 070340009988/220166/00 2022-09-12 «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 80 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Мемлекеттік сатып ату Заңның **1-тармағының 41-бап, 39-бабының 3-тармағында** (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) осы Заңның **13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.**

#### **Шешу мәселесі:**

Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

-ЖШС "MEDsmart"070340009988/220151/00 2022-08-26 «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Келісім шарт сомасы 200 000.00 теңгені құрайды. Аталған келісім шарт, Мемлекеттік сатып ату Заңның **1-тармағының 41-бап, 39-бабының 3-тармағында** (көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) осы Заңның **13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларын көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады) бұзуда.**

#### **Шешу мәселесі:**

Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

**Қорытынды:**

«№2 Облыстық перинаталдық орталығы» ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындысы бойынша ұсынады:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы бойынша құқықтық жаппай оқытуды ұйымдастыру;
2. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыстарды жалғастыру, қолданыстағы заңнама нормаларын түсіндіре отырып жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде заңдылықты қамтамасыз ету;
3. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамалық талаптарға сәйкес, ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі.

**Басшы:**



**Э.А.Кожаметова**

**Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ жетекшісі:**

**У.Б.Аманкулова**